

МЕКТЕП ПЕН МҰҒАЛІМДЕРДІҢ ЮВЕНАЛДЫ ҚҰҚЫҚТЫҚ САНА ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ РӨЛІ

Хуатқызы Мейрамгүл

Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды Ұлттық Зерттеу университетінің «Қылмыстық құқық, іс жүргізу және криминалистика» кафедрасының оқытушысы з.ғ.м.

Мақалада білім алушылардың құқықтық санасы мен құқықтық тәрбиесі туралы түсінік ашып көрсетілген. Сонымен қатар, білім алушылардың құқықтық санасын қалыптастырудың жағдайы мен жолдары қарастырылған. Бұл үдерістің проблемалық сипатқа ие екені атап өтіледі, себебі жасөспірім тұлғаның дамуы – бұл тек болжамдалатын емес, сонымен қатар басқарылатын сәттермен байланысты, олар кейде кездейсоқ, стандарттан тыс жүріп, жеке тұлғаны өмірлік тәжірибесі жеткіліксіз жағдайда күрделі таңдау жасау қажеттігіне тірейді.

Автор білім алушылардың құқықтық санасын қалыптастыру мәселелері олардың құқықтық тәрбиесі мен құқықтық оқытумен тығыз байланысты екенін алға тартады. Білім алушылардың құқықтық санасын қалыптастыруда адамгершілік-құқықтық дамудың маңызы ерекше екені көрсетілген, оның интеграциялық элементтері ретінде әлеуметтік-құқықтық ұстанымдар мен құқықтық тәрбие аталады.

Мақалада әлеуметтік-құқықтық ұстанымдар білім алушылардың оң құқықтық санасын дамытуға түрткі болатыны дәлелденген, ал бұл өз кезегінде олардың заңға бағынатын мінез-құлқын қалыптастыруға негіз болады.

Жеке тұлғаның құқықтық санасы – бұл көпқырлы ұғым, өйткені «құқық» ұғымының өзі әртүрлі көзқарастарға ие, бұл «құқықтық сана» ұғымын да қайта қарауға алып келеді. Құқықтық сананың қалыптасу көздері ретінде әлеуметтік-экономикалық, саяси, этнопсихологиялық және мәдени факторлар көрсетіледі, бірақ бұл тізімде негізгі орынды құқықтық тәрбие алады. Оның мәні – қоғам санасында мемлекет пен құқық туралы көзқарастарды қалыптастыру, азаматтарда заңның басымдығына негізделген ұстанымдарды және заңға бағынатын мінез-құлыққа бағытталуды дамыту [2, 4].

Бұған дейін атап өткеніміздей [9, 11, 12], қазіргі кезеңде Қазақстан қоғамының дамуында студенттердің құқықтық санасын зерттеу мәселелері ерекше өзектілікке ие. Өйткені олар қоғамдағы құқықтық құбылыстармен тығыз байланысты, әрі бұл құбылыстар құқықтық процестердің әрі қарай дамуына бағыт-бағдар береді, сондай-ақ құқықтық, саяси, қоғамдық және экономикалық өзгерістермен сабақтас. Құқықтық реформалаудың сәтті болуы – бұл өзгерістердің «дайын топыраққа» түсуімен байланысты. Құқықтық сананың қалыптасуы барысында жүретін когнитивті, эмоциялық және ерік-жігерлік психикалық процестердің өзара әрекеттесуі студенттердің жеке басының тиімді құқықтық дамуы үшін қажетті психикалық күйлерді тудырады.

Ювеналды қылмыстық сот өндірісі қарапайым сот өндірісінен ерекшеленеді. Ол кәмелетке толмағандардың осал тұстарын, жас ерекшеліктері мен даму сипаттарын ескере отырып жүргізіледі. Кәмелетке толмағандардың өз құқықтарын қорғаудағы шектеулі мүмкіндіктерін ескере отырып, заң олардың құқықтарының сақталуына қосымша кепілдіктер белгілейді. Сол кепілдіктердің бірі — педагог-психологтың қатысуы.

Қылмыстық сот процесі барысында кәмелетке толмағандар көбінесе қорқыныш, агрессия, сотқа және айналасындағыларға жауласу сияқты сезімдерді бастан кешіреді. Психологтың қатысуы мынадай төрт мақсатты көздейді:

1. Кәмелетке толмағанның тұлғалық психологиялық ерекшеліктерін анықтап, судьяға неғұрлым лайықты жаза шарасын таңдауға көмектесу;
2. Кәмелетке толмаған жәбірленушінің құқықтарын қорғау;
3. Кәмелетке толмаған куә үшін қолайлы психологиялық жағдай жасау;
4. Қайталама қылмыстың алдын алу тетіктерін іске қосу;
5. Соттың тәрбиелік рөлін арттыру.

Құқықтық өмірдегі барлық психикалық құбылыстардың өзара тығыз байланысы құқықтық сананың қалыптасуының психологиялық негізін анықтайды [6]. Құқықтық ақпаратты қабылдағаннан кейін, адам оны түсініп, бағалайды, соның негізінде дүниетаным қалыптасады. Бұл дүниетаным — оның ерік-жігерлік белсенділігінің психологиялық негізін құрайды. Ол — сананың тепе-теңдігін сақтайтын жағы, интеллект пен сезімнің белсенді құрамдас бөлігі ретінде көрініс табады. Бұл адамның саналы түрде

мақсат қойып, жауапкершілікпен әрекет жасауына, шешім қабылдап, оны жүзеге асыруына (мақсатты ұғыну – мінез-құлықты ұйымдастыру – орындау) мүмкіндік береді.

Осыдан келіп, құқықтық сананың қалыптасу үдерісінде, әсіресе оның алғашқы екі кезеңінде, кейбір психологиялық заңдылықтарды ескеру маңызды екені айқындалады.

Студенттердің құқықтық санасының жоғары деңгейде қалыптасуы мен дамуы мына жолдар арқылы жүзеге асады:

- құқықты ғылыми тану,
- құқықтық нормалардың орынды және әділетті екеніне сенімділік,
- заңға бағынатын мінез-құлыққа деген бастапқы қажеттілікті қалыптастыру,
- құқықтық мәдениетті құқықтық сананың туындысы ретінде дамыту [1].

Құқықтық тәрбиенің білім алушылардың құқықтық санасының қалыптасуына әсері қандай?

Құқықтық сана дамуының негізі ретінде құқықтық тәрбие мақсатты және жүйелі түрде әрекет ете отырып, оның негізгі құрамдас бөліктерінің қалыптасуына ықпал етеді. Олар мыналар:

- құқықтық білім,
- адамгершілік-бағдарлық құндылықтар,
- заңдар мен құқықтық жүйенің басқа да элементтеріне деген құрмет,
- қазіргі қоғамда сәтті әлеуметтенуге қажетті құқықтық дайындық,
- заңға бағынатын мінез-құлық ретінде сыртқа көрінетін нәтижелер.

Құқықтық оқыту — құқықтық тәрбиенің тиісті деңгейде дамуына ықпал ететін негізгі принциптердің бірі болып табылады.

Тәрбие мен оқыту — бір құрылымның бір-бірін толықтыратын, ажырамас екі элементі, олар бір-бірінсіз өмір сүре алмайды.

Біздің ойымызша, білім деңгейі мен құқықтық сана деңгейінің арасындағы өзара байланысты зерттеу орынды.

Алайда көптеген зерттеулер бұл ұғымдарды тікелей байланыстыруға болмайтынын айтады. Себебі құқыққа деген оң көзқарасты қалыптастыру үшін, заңға бағынатын тұрақты бағыт-бағдарды дамыту үшін жастарға тәрбиелік әсерді күшейту аса маңызды деп саналады — бұл әсер білім деңгейіне тікелей байланысты емес [2].

Жастарға бағытталған, жүйелі түрде жүргізілетін құқықтық білім беру олардың құқықтық білім көлемі мен деңгейінің артуына ықпал етеді.

Нәтижесінде білім алушылар креативті тұжырымдар жасап, лайықты құқықтық білім деңгейіне қол жеткізеді. Бұл тек құқықты негізгі реттеуші құрал ретінде тұрақты әрі қалыптасқан бағалау арқылы ғана емес, сонымен қатар олардың құқықтық санасында нақты көрініс тапқан заңға бағынатын мінез-құлықтың белгілі бір үлгілерінің қалыптасуымен де байланысты. Бұл үлгілер кейін өмірлік бағдар ретінде қызмет етеді.

В.П. Сальниковтың пікірінше, мұндай үлгілердің қалыптасуы өзіндік әлеуметтік-құқықтық ұстанымдардың (аттитюдтардың) дамуына ықпал етеді. Әлеуметтік-құқықтық дайындық құқықтық сананың маңызды аспектісі — құқыққа құрметпен қараумен тығыз байланысты. Бұл өз кезегінде білім алушылардың құқықтық санасының сипаты мен ерекшеліктерін айқындайтын басты позитивті әлеуметтік-құқықтық бағдар болып табылады [9].

Әлеуметтік-құқықтық дайындық – бұл әрдайым оң аспект емес. Негізгі ұстанымдар «құқыққа», «құқыққа қарсы» немесе «құқықты айналып өтуге» бағытталуы мүмкін. Оқушылардың құқыққа деген қатынасы – әлеуметтік өмірдің, оның барлық оң және теріс құрамдас бөліктерімен бірге, өзіндік ізін қалдырады. Сондықтан оқушылардың мінез-құлқы тек заңға бағынушы ғана емес, сонымен қатар нормадан тыс болуы да мүмкін. Жасөспірімдерде қоғамдағы үстемдік етуші қатынастар парадигмасын белсенді түрде көрсетуге деген өзіндік бейімділік бар, бұл олардың моральдық құндылықтарын, дүниетанымын, өзін-өзі тануын, жеке позициялары мен ұстанымдарын қалыптастыруға спонтанды әсер етеді. Қоғамдық қатынастардың бұрмалануы оқушылардың құқықтық санасының қажетті деңгейін қалыптастыруда кемшіліктерді тудырады, бұл жиі олардың нормадан тыс мінез-құлқының себебі болып табылады [5]. Адамгершілік-құқықтық даму маңызды рөл атқарады, ол оқушының жеке тұлғасын объективті түрде әрекет ететін қоғамдық-құқықтық байланыстар мен қатынастар жүйесіне енгізу процесі болып табылады [4]. Адамгершілік-құқықтық даму, оқушылардың мінез-құлқындағы өзін-өзі реттеу механизмдерімен тығыз байланысты, олардың жеке қасиеттері мен сапаларын қалыптастыруға

елеулі әсер етеді, студенттің құқықтық психологиясының белгілі элементтерін құру үшін негіз қалайды, ал ақырында – құқықтық сананы қалыптастырады [8].

Осылайша, оқушылардың құқықтық тәрбиесінің нәтижесі – заңға бағынушы мінез-құлықтың қалыптасуына басты рөл атқаратын оң құқықтық сананың қалыптасуы. Құқық құқықтық санамен күшті, және тек соған сүйене отырып, құқық «өмірдің сыртқы тәртібін» орната алады. Жастардың құқықтық санасының негізгі миссиясы – моральділіктің қалыптасуы мен дамуы, бұл кез келген құқықтық қоғамның қалыптасуындағы басым бағыт. Біз П. И. Новгородцевтің «заманауи моральдық сана өз талаптарымен құқықтан айтарлықтай алға кеткен» деген пікірін бөлісеміз [7].

Қазіргі қоғамда өскелең ұрпақтың құқықтық мәдениетін қалыптастыру – мемлекет үшін басым бағыттардың бірі. Әсіресе ювеналды (жасөспірімдерге қатысты) құқықтық сана — олардың заңды құқықтарын білуі мен сақтауына, сондай-ақ заңға қайшы әрекеттерден аулақ болуына тікелей әсер етеді. Бұл ретте мектеп пен мұғалімдердің атқарар рөлі ерекше. Олар тек білім беруші ғана емес, құқықтық тәрбие мен мәдениеттің таратушысы болып табылады.

1. Мұғалімдердің рөлі

Мұғалім — оқушының тұлғалық дамуына ықпал етуші маңызды тұлға. Оқушылардың құқықтық санасын арттыру үшін мұғалімдер:

- құқықтық сауаттылыққа бағытталған сынып сағаттарын өткізеді;
- құқықтық нормаларды күнделікті оқу-тәрбие процесінде түсіндіреді;
- құқық бұзушылықтың алдын алуға бағытталған тәрбиелік іс-шаралар ұйымдастырады.

Мұғалім оқушыға өз құқығын білуге, оны заң аясында қорғауға, сондай-ақ қоғам алдындағы міндеттерін сезінуге көмектеседі.

2. Мектептің рөлі

Мектеп — тұлғаның қалыптасуына әсер ететін алғашқы әлеуметтік институт. Мұнда құқықтық сана қалыптастыру жүйелі түрде жүргізілуі тиіс:

- «Құқық негіздері» пәні арқылы оқушылар заңмен танысады;
- мектепте «Құқық апталығы», дебат, тренинг, викторина сынды шаралар өткізіледі;
- ювеналды полициямен, прокурормен кездесу ұйымдастырылады;
- кей мектептерде профилактикалық кеңестер жұмыс істейді.

Сонымен қатар, мектеп психологы мен әлеуметтік педагог оқушылардың құқықтық мәселелерін шешуде маңызды орын алады.

4. Қиындықтар мен өзекті мәселелер

- Барлық мектептерде құқықтық тәрбиеге бірдей деңгейде көңіл бөлінбеуі;
- Мұғалімдердің құқықтық сауатының төмендігі;
- Құқықтық тәрбиеге ата-аналардың селқостығы;
- Оқушы тарапынан заңға қарсы әрекеттердің көбеюі.

Қоғам тәртіпке негізделіп, қалыптасып, өмір сүреді. Қоғамдағы тәртіп түрлі әлеуметтік нормалардың, адамдардың мінез — құлқын реттейтін қағидалардың әсерімен, яғни күшімен орнатылады. Құқықтық нормаларды қолдану нәтижесінде құқықтық тәртіп орнығатыны, ал құқықтық нормалар негізінен заңнан нәр алып белгілі құқықтар мен міндеттер жүктейтіні белгілі. Еліміздің заңдарын сақтау, оған мойынсыну- жауапкершілікті, түсіністікті, заңдарды білуді және соған сәйкес мінез-құлық пен іс-әрекеттерді үйлестіруді талап етеді.

Қоғамның ең өзекті мәселелерінің бірі – қылмыстың, құқық бұзушылықтың алдын алу. Бұны бүгінгі таңда барлық деңгейдегі шенеуніктерден бастап, құқық қорғау органдары қызметкерлері, ұстаздар мен ата-аналар, азаматтар да түсінуде. Құқық бұзушылық жөнінде «Құқық бұзушылық дегеніміз – адамның қоғамға, мемлекетке немесе жеке тұлғаға зиян келтіретін, соңы заң алдындағы жауаптылыққа апаратын құқыққа қайшы әрекеті немесе әрекетсіздігі», — деп көрсетілген [15]. Қоғамда тәртіп орнамаса, ол құлдырайды, яғни келешегі болмайды. Бұл бәрімізге белгілі және оны жақсы түсінеміз. Дегенмен, қоғамда қоғамдық тәртіпті бұзуға бейім азаматтар да кездеседі және бұл — құқық бұзушылықтың орын алуына әкеп соқтырады, сондықтан құқық бұзушылық — қоғам өміріне тән қауіпті дерт. Құқық бұзушылықтың себептеріне қатысты ықылым заманнан осы күнге дейін әр түрлі пікірлер айтылып келеді. Солардың ішінде құқықтық нормаларды бұзуына ең алдымен әлеуметтік және биологиялық жағдайлар әсер ететінін байқауға болады.

Жастар арасында құқық бұзушылықтың алдын алуға, қоғамдық тәртіпті сақтауға, заңды

жауапкершілікті сезінуге өз үлесін қосатын, атсалысатын субъектілердің бірі — оқу орындары болып табылады. Оқу орнында жасөспірімнің азаматтық, патриоттық, адамгершілік, салауаттық, құқықтық, мәдени, шығармашылық т.б. қасиеттерін дамыту және қалыптастыру процесі жүзеге асырылады. Бұл ұжым мүшелеріне үлкен жауапкершілік пен міндет жүктейді.

Құқық бұзушылық пен келеңсіз жағдайларды барынша болдырмау және алдын алу, оның зияндылығы мен қауіптілігін түсіндіруде — өскелең ұрпаққа құқықтық тәрбие беру, оның мақсат – міндеттерін дұрыс түсіндірудің маңызы ерекше. Құқықтық тәрбие беру жан — жақты тәрбиелеудің маңызды бір саласы. «Құқықтық тәрбие мақсаты – оқушыларда құқықтық мәдениет пен құқықтық әрекет – қылық қалыптастырып, оларды құқықтық заңдылық талаптарын түсінуге әрі мойындауға баулу», — деп анықталған [16].

Қазіргі «Білім туралы» Заңның талаптарын орындау әлі де көптеген экономикалық – материалдық, құқықтық – нормативтік базаны нығайтуды, құқықтық тәрбиені шығармашылықпен ұйымдастыруды, жаңа технологияларды тәрбие жұмысында кеңінен қолдануды, шеберлікті қажет етеді. Сондықтан мұғалім жаңа заңдылықтармен танысып, оны жұмыс барысында басшылыққа алып пайдалануды, оқу-тәрбие үрдісінде ұтымды, тиімді, мақсатты қолдану жолдарын, тәрбиенің әдістерін, түрлі формаларын біліп, жаңа технологияларды кеңінен қолданғаны жөн. Жастарды құқықтық сауаттылыққа тәрбиелеу – олардың қылмысқа ұрынбауына, өздігінен өмірдегі мәселелерді шешуде дұрыс шешім қабылдауына, келеңсіз, жағымсыз жағдайлардан тартынуына, қоғамға пайдалы іспен шұғылдануларына жәрдемдеседі.

Көп ұлтты тәуелсіз мемлекетті нығайту, өскелең ұрпаққа адамгершілік, патриоттық, азаматтық тәрбие беру біздің баршамызға міндет екенін өмірдің өзі дәлелдеп отыр. Құқықтық тәрбиені ұстаздар қауымы ата – аналармен, құқық қорғау органдары қызметкерлерімен, салауаттылық және денсаулық сақтау мекемелерімен, спорттық ұйымдармен, қоғамдық бірлестіктермен бірлесіп, тәрбиенің өзге түрлерімен байланыстырып жүйелі жүргізер болса, нәтижелі болмақ.

Оқу орны мен отбасында балалар әлеуметтік іс-әрекеттің алғашқы дағдыларын қалыптастырып адамгершілік, әдеп, заңды мінез-құлық, орынды әрекет- қылық, құқықтық нормаларды меңгере бастайды. Әлеуметтік нормалардың негізгі маңызды түрі болып табылатын әдептік нормалардың құқықтық сипаты болмағанымен, оның ережелеріне сусындап өскен бала әрине қоғамға зиян келтірмейді, керісінше, өмірдегі өзінің орнын тауып, елжанды, саналы азамат болып қалыптасады. Әдептік нормалар құқықтық нормаларға негіз, арқау болып, белгілі бір дәрежеде адамның ар-ұятын, намысын қалыптастыруға, қоғамдық тәртіпті сақтауға ұйтқы болады. «Құқықтық нормалардың басым көпшілігі әдептік нормалардан нәр алады, соларға арқа сүйейді. Неғұрлым құқықтық нормаларға әдептік нормалар арқау болса, соғұрлым заңдардың әділеттілік, адамгершілік мәні жоғары болады» [17].

Құқықтың тәрбие беру баланың жеке тұлғасын қалыптастырып, олардың бойына жоғары идеялық пен қоғамдық меншікке қатынасты көзқарасты дарытудың асыл міндеттерін атқарады. Мемлекетіміз жастарға құқықтың тәрбие беру ісіне үнемі маңыз беріп келеді. Қазақстан заңдарына терең құрмет сезімін қалыптастыру, оларды сөзсіз сақтау және орындау -ұзақ уақыт тәрбие жұмысын жүргізудің жемісі. Көбіне құқықтық сананың төмендегі, материалдық және рухани игіліктердің не екенін жөнді түсінбеушілік қоғамға жат қылықтарды туғызады. Сондықтан да әр оқушының санасына құқықтық нормаларды жеткізу, жеткізіп қана қоймай оның күнделікті мінез-құлық нормасына айналдыру үшін күресу құқықтық тәрбиенің міндеті болып табылады.

Құқықтың тәрбие негізі отбасынан басталады. Оқушылардың тәртіп бұзуының бір жағы отбасында жатыр. Бізде отбасы әр қилы: маскүнемдікпен күн өткізетін, ұрыс -керістен көз ашпайтын, басқалардың, мемлекеттің есебінен арам жолға барып қалғысы келетін отбасылары бар. Осындай отбасында өскен баланың оқуға, еңбекке қалай қарайтыны өз-өзінен түсінікті емес пе? Мұндай отбасында тербиеленген бала өзімшіл болады, қылмыс жасауға бір табан жақын тұрады.

Ауыл жастарының арасында құқықтық тәрбие жұмысын ұйымдастыруда олқылықтар бар. Жастар арасындағы насихат пен құқықтың тәрбие мәселесі жөнінде жоғары ұйымдары таранынан белгіленген шаралар жүзеге асырылып, қызметкерлердің жауапкершілігін арттыру қажет. Құқықтың тәрбие тура жолмен жүруге үйрететін әділеттілік әдістеріне сүйенеді. Адам мұндай жағдайда өзінің ар-ұятына жүгінеді. Оқушы өзінің айналасындағы адамдарды, әлеуметтік игіліктерді қате бағалауы мүмкін. Мұның өзі оның көбіне көп құқықтың тәрбиені бұзуына әкеліп соқтырады.

Нұрсұлтан Назарбаев «Қазақстан — 2030» стратегиялық бағдарламасында Отан қорғау мен оның қауіпсіздігіне ерекше мән бергені мәлім. Қарулы күштерінің бір тармағы ретінде ішкі әскердің де іргетасы қаланды. Ішкі әскер барлық қазақстандықтардың, қарапайым азаматтардың мүддесін қорғаушы — құқықтың тәртіп әскері. Бұл мектеп, отбасы және қоғам жұртшылығының құқықтық тәрбие жұмысын жүргізудегі басты бағытының бірі — оқушылар арасында заң тәртібін бұзушылықтың алдын алу шараларын жүргізуге кең жол ашып отыр.

Құқықтың мәселелерді сөз ету, оны тыңдаушысына жеткізіп бере білу аса қиын өнер. Бұған тек қана білімді болу жеткіліксіз, сонымен бірге тәжірибелі, көпті көрген, адамдардың жүрегіне барар кілтті таба білер тәрбиеші болу маңызды.

Оқушылардың мектептегі өмірі тұлғаның азаматтық қалыптасуының шешуші кезеңі болып табылады. Осы жылдары адамгершілігі, дүниетанымы, сенімдері, ұжымшылдығы, тәртіптілігі, өзіне және басқаға талап қоюы, адалдығы мен шыншылдығы, қайырымдылығы мен ұстамдылығы, жігерлілігі мен батылдығы қалыптасады.

Бұлардың мазмұнына мемлекет заңдары және қоғамда өмір сүру ерекшеліктерін құрметтеу, қоғам заңдылықтарын бұзуға төзімсіздік, қоғамдық тәртіпті сақтау да енеді. Құқықтық мәдениет екі тұрғыдан қаралады: 1. Құқықтық мәселелер, құқықтық қатынастар, құқықтық мекемелер әрекетін оқушының білуі. 2. Тұлғаның педагогикалық және психологиялық мәнінің құқықтық санаға әсері.

Адамның құқықтық мәдениеті күрделі. Өңгіме адам, оның санасы, мінез-құлқы, жүріс-тұрысы туралы болғанда, көптеген сұрақтар туындайды. Құқықтық мемлекет демократиялық принциптерге сүйене отырып, әр адамның шығармашылық күштерін, ниетін, ойын, сезімі, ұмтылысын толық және еркін жүзеге асыру мүмкіндігін қамтамасыз етеді.

Демократияны жетілдіру мемлекеттік және қоғамдық өмірдің құқықтық негізін бекітуге тікелей тәуелді. Мемлекет және қоғам өмірінің құқықтық негізін бекіту процесі төмендегідей маңызды шараларды жүзеге асыруды қажет етеді.

- заңдылықтарды үздіксіз жетілдіру;

- заңның орындалуын бекіту;

- қоғамдық тәртіп орнатуға әрбір азаматтың қатынасуы. Бұдан заңдылық пен құқықтық тәртіптің бекітілуіне қамқорлық тікелей мемлекет мойнында болу қажеттігі шығады.

Адамның жалпы мәдениеті мен оның құқықтық мәдениетінің арасында тығыз байланыс бар. Сондықтан да құқықтық тәрбиені адамгершілік тәрбиесі теориясының құрамды бөлігі ретінде қарастырамыз.

Қоғамдық қайта құру кезеңінде құқықтың мәдениетті қалыптастыру барысындағы кемшіліктерді жеңу орын алады.

Құқық қоғам мен қоғамның әрбір мүшесінің бүкіл өмірін қамтып жатады. Құқықтық мәдениеті төмен дамыған адам тек заңның өрескел бұзылған жағдайында ғана оған зейін аударады да, құқықтық талаптарды мойындамаған көп жағдайларды байқамайды.

Заңды білмеу — құқықтық мәдениеттің елеулі кемшілігі. Заңды білмеу, оны бұзу жауапкершіліктен құтқармайды. Бұл жерде оқушы заң және құқықтық мәдениет ұғымын шатастырмау керек. Құқықтық мәдениет оқушыдан жан-жақты құқықтық білімдерді талап етеді. Адамның құқықтық мәдениеті — күрделі психологиялық құбылыс. Бұл құбылыс қоғамның, мемлекеттің көптеген маңызды салаларында көрінеді. Ең бастысы адамгершілікті адам тұлғасының сапалық қасиеттерін қалыптастыруға ықпал жасайтын тәрбие құралдарының бірі — орынды тәртіп және мінез-құлық тәрбиесінің жоғары деңгейінде болуы. Сонымен адамның құқықтық мәдениеті дегеніміз — орынды тәртіп пен мінез-құлық, жан-жақты құқықтық білімдері мен заңды құрметтеу, құқықты қорғау іс-әрекетінің терең бірлігі.

Құқықты құрметтеу, әділдікті, борышты, жауапкершілікті, заңдылықты, сезіну — адам тұлғасының жоғарыдан көрінуі. Осыдан келіп заңдылықты сезіну құқықтық мәдениеттің құрамы екендігін түсіну қиын емес.

Қазіргі кезеңде қоғамның бірте-бірте демократиялық дамуы жалпы білім беретін орта мектептерде мектеп басшыларынан, мұғалімдерден құқықтық тәрбиені зор шеберлікпен, шығармашылықпен іске асыруды талап етеді.

Құқықтық мемлекеттің негізгі белгісі — халықтың құқықтық мәдениетінің болуы. Құқықтық мәдениет қоғам мәдениетінің негізгі салаларының бірі болып табылады. Ол екі бөлімнен тұрады: жеке тұлғалардың мәдениеті және қоғамдық мәдениет. Адамның жалпы мәдениеті мен құқықтық

мәдениет, құқықтық мәдениет пен құқықтық сана өзара тығыз байланысты. Құқықтық мәдениет құқықтық санамен салыстырғанда әлдеқайда кең ұғым. Азаматтардың құқықтық мәдениеті олардың қолданыстағы заңдар жөніндегі білімінен байқалады. Барлық заңдарды білу қажеттілігі мүмкін емес болса да, негізгі қоғамдық қатынастарды реттейтін заң талаптарын әрине әрбір азамат білгені жөн. Азаматтар өздерінің негізгі құқықтары мен бостандықтарын, міндеттерін біліп, оны өзгелердің және мемлекеттің мүддесіне қайшы келтірмей түсініп саналы орындауы, мемлекет алдындағы өз жауапкершілігін сезіне білуі құптарлық іс. Заңгер ғалымдар Ғ.Сапарғалиев және А.Ибраева өз еңбектерінде: «Тұлғаның құқықтық мәдениеті – құқықты білу, ұғыну (түсіну) және құрметтеуден тұрады. Ал мұның өзі құқықтық ұйғарымдарды жете түсініп барып орындаудан білінеді (көрінеді)» — деп атап көрсеткен.

«Жеке тұлғаның құқықтық мәдениеті жөнінде, әсіресе мыналарды баса көрсетуге болады: біріншіден, кез келген азамат өзінің құқығын, бостандығы мен міндетін анық түсінуі әрі оны бағамдап, парықтай білуі, екіншіден, осыларды мүмкіндігінше, іс жүзінде, өз өмір тәжірибесінде пайдалана алуы тиіс» [18].

Құқықтық мәдениетті қалыптастырып дамыту еліміздің болашағын айқындаушы көрсеткіштердің бірі десек, өскелең ұрпаққа сапалы құқықтық білім мен саналы тәрбие беру ұстаздар қауымынан білімділікті, құқықтық білімдерін үнемі жетілдіруді, нормативтік — құқықтық құжаттармен үздіксіз танысып, жұмыс барысында оларды басшылыққа алуды үрдіске айналдыруды, салалық мекемелермен, отбасымен тығыз ынтымақтастық қарым – қатынас орнатуды және қажырлы еңбекті қажет етеді. Келелі жұмысты атқаруда бала құқығын қорғау, балаға қарым — қатынас мәдениетін көтеру, оның талабын ескеру де нәтиже береді деп ойлаймыз. Құқықтық саясаттың құрамдас бөлігі, елдің индустриялық-инновациялық дамуын қамтамасыз етудің, оның зияткерлік әлеуетін арттырудың маңызды шарты болып табылатын ғылыми және білім беру қызметін құқықтық реттеу болмақ.

Ғылым-білім беру қызметінің құрамдас бөлігі, өз кезегінде, құқықтық білім беру, құқықтық насихат, яғни құқықтық мәдениет мәселелері болып табылады. Осыған орай, азаматтардың құқықтық санасын, оның ішінде мемлекеттік қызметшілер арасында заңгерлік сауаттылықты арттыру жөніндегі жұмысты жалғастыру қажет. Халық арасында интернет-ресурстарды қоса отырып, бұқаралық ақпарат құралдары арқылы құқықтық насихаттың сапасын арттыру мен көлемін кеңейту, заңнаманы және құқық қолданудың өзекті проблемалары бойынша, атап айтқанда, азаматтардың күнделікті өмірінде жиі қолданылатын құқық салаларында ғылыми зерттеулерді жандандыру қажет.

Құқықтық саясат тұжырымдамасының қағидаларын іске асыру Республика Конституциясының негізгі идеялары мен принциптерін Қазақстанда құқықтық мемлекет құрылымының жаңа кезеңінің аясында өмірімізде жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Қазақстандық заңнаманы Тұжырымдамада белгіленген мемлекеттің құқықтық саясатының негізгі бағыттарына сәйкес кешенді дамыту және тиімді пайдалану заңдылық режимін одан әрі нығайтуға, адам мен азаматтың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын сақтауға, еліміздің орнықты әлеуметтік-экономикалық дамуын қамтамасыз етуге, қазақстандық мемлекеттілікті нығайтуға ықпал ететін болады.

Құқықтық мемлекетті орнықтыруда еліміздің құқықтық мәдениетін көтеру басты мақсатымыз болмақ. Ол үшін құқықтық тәрбие талаптарын сараптап алғанымыз жөн. Сондықтан біздің ұсыныстарымыз төмендегідей болмақ:

1. Жалпы білім беру мектептерінің алғашқы сыныптарынан бастап «Құқық негізі» пәнін оқытып, оның оқу бағдарламасына «Кәмелетке толмағандардың құқықтары мен міндеттері» туралы Конституциялық құқықтан, Әкімшілік құқығынан, Азаматтық құқықтан, Қылмыстық құқықтан нормалар енгізілуі тиіс.

Кәмелетке толмағандардың құқықтарының бұзылуы және олардың құқықбұзушылыққа қатысулары мектеп оқушыларының өз құқықтары мен міндеттерін меңгермегендіктен туындайды. Мектеп оқушылары өздерінің құқықтары мен міндеттерін білетін болса келеңсіз жағдай туғызатын мұғалімдерді орнына қоя біледі және құқықтық мемлекеттің басты принципінің бірін орындауға мүмкіндік туындайды.

2. Ауыл халқы құқықтық сауаттылық жағынан толық қамтылмай отыр. Оны Президенттің Жолдауларын насихаттауға барған кезде заңгерлер жақсы байқайды. Сондықтан әрбір ауданға қарасты ауылдарда аудандағы әділет бөлімінен құқықтық сауаттылықты көтеретін жоғары білімді бір заңгерден

бекітілуі тиіс. Әйтпесе ауылдан қалаға келген, аудан орталығына ауылдан келген адамдардың құқықтық сауаттылық деңгейінің кемшілігі байқалып отырады.

3. Құқықтық саладағы білімді арттыруға бағытталған, мамандандырылған интернет-сайттар ашылуы қажет. Азаматтардың еркін түрде құқықтық сауаттылығын арттыруға мүмкіндік туар еді.

4. Ғалым, заңгерлерді, саясаттанушыларды, құқық қорғау, сот және өзге де органдардың неғұрлым тәжірибелі практикалық қызметкерлерін тарта отырып, құқықтық пәндердің оқытушыларын қайта даярлау және біліктілігін арттыруды жүзеге асыру;

Қорытындылай келе, мектеп пен мұғалімдердің ювеналды құқықтық сана қалыптастырудағы рөлі — жас ұрпақты құқықтық сауатты, жауапкершілігі жоғары, заңға құрметпен қарайтын азамат етіп тәрбиелеудің маңызды құралы болып табылады. Мұғалім тек білім беруші ғана емес, сонымен қатар жасөспірімдердің тұлғалық қалыптасуына ықпал етуші тәрбиеші, бағыт-бағдар беруші.

Ювеналды құқықтық сананы қалыптастыруда құқықтық тәрбие беру, құқықтық сауаттылықты арттыру, заң талаптарын түсіндіру, құқық бұзушылықтың алдын алу жұмыстары жүйелі түрде жүргізілуі тиіс. Бұл — тек мектептің ғана емес, жалпы қоғам мен мемлекеттің болашағына деген жауапкершіліктің көрінісі.

Сондықтан да білім беру мекемелерінде құқықтық мәдениетті нығайту, оқушылардың құқықтық ойлау қабілетін дамыту бағытындағы жұмыстар үздіксіз жалғасуы қажет.

Әдебиеттер тізімі:

1. Воробьева О.А. Правовое воспитание несовершеннолетних // Известия Российского государственного педагогического университета им. А. И. Герцена.- 2006.- № 22, т. 4.- С. 171-173.

2. Жидяева Е.Г., Самыгин П.С., Самыгин С.И. Особенности формирования правосознания учащейся молодежи в современном обществе // Гуманитарные, социально-экономические и общественные науки.- 2015.- № 3-1.- С.69-73.

3. Ильин И.А. О сущности правосознания / СОБР. Соч. в 10 т.- М.. 1994.-Т.4. 127 с.

4. Мещерякова А.В., Психологическое сопровождение деятельности сотрудников правоохранительных органов.- Ростов-на Дону, 2014.-225 с.

5. Мещерякова А.В., Мещерякова С.Н. О формировании пускового механизма правового поведения личности // Философия права.-2015.- № 1 (68).- С. 81-85.

6. Мещерякова А.В. Мещерякова С.Н. Поведение личности в правовой сфере: внешние и внутренние детерминанты // Юрист-правовед.- 2014- № 2 963).- с. 62-64.

7. Новгородцев П.И. Кризис современного правосознания. Введение в философию права. М.: Типо-лит. Тва И.Н. Кушнерев и Ко, 1909.-408 с.

8. Новик Ю.И. Психологические проблемы правового регулирования.- Минск, 1989.

9. Овчинников О.М., Фортова Л.К. Педагогическая профилактика противоправного поведения дезадаптированных старшеклассников в учреждениях образования и культуры // В сборнике: Триединство здоровья нации, качества жизни и гармоничного общества как основа устойчивого развития России в XXI веке Материалы международного конгресса. 2014. С. 314-322.

10. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы.

11. Қазақстан Республикасының «Баланың құқықтары туралы» Заңы.

12. Қазақстан Республикасының «Кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссия туралы» Ережесі.

13. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі.

14. Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексі.

15. Жеткіншектер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу жөніндегі ұлттық іс-шаралар жоспары.

16. Ж. А. Құдайбергенов, Н. С. Базарбаева. «Құқық негіздері», оқу құралы.

17. С. А. Жиенбаев. «Ювеналды құқық», оқу құралы.

18. Ғылыми-педагогикалық журналдар, мақалалар (мыс: «Білім», «Ұстаз», «Құқық және мемлекет»).